

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 6 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

24.03.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы -доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал- аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, академиялық персонал- түлек Маматжанов Шукуржан Нематжанұлы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету
2. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы К.И.Усманов: ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету, наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бүгінгі күн тәртібінде қаралады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығына қосымша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару алгоритмі Жалпы ережелеріне сәйкес ББ енгізіледі.

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару алгоритмі (бұдан әрі – Алгоритм) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару тәртібін белгілейді.

2. Тізілімнің мақсаты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) іске асыратын білім беру бағдарламаларын есепке алудың бірыңғай ақпараттық ортасын құру болып табылады.

Кадр даярлау бағыты бойынша АК әзірлеген ББ жобасы факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінде талқыланады, университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне ұсынылып бекітіледі. ББ паспорты ҚР ҒЖБМ ЖЖОК ББ тізіліміне ұсынылады. ҚР ҒЖБМ ЖЖОК ББ тізілімі сарапшыларынан оң бағаға қол жеткізіп, тіркелген ББ толық рәсімделіп, университет ректорымен бекітіледі. Бекітілген ББ түпнұсқасы ӘЖҰБ сақталады, сканерленген электрондық нұсқасы барлық құрылымдық бөлімдерге таратылады.

ББ Тізілімге енгізу 4 кезеңде жүзеге асырылады: Тізілімге білім беру бағдарламаларын енгізу үшін ЖЖОКБҰ-ның өтінімін ұсыну; ұсынылған Өтінімнің дұрыс толтырылуын тексеру; ББ сараптама жасау; Білім беру бағдарламасын төлқұжатын Тізілімге енгізу.

ББ Тізілімге енгізу үшін ЖЖОКБҰ Операторға ББ атауы, ББ шифрі, ББ нысаны, ҰБШ, СБШ деңгейлері, ББ-ның ерекшеліктері (біріккен ББ/қосдипломдық ББ және т.б.), оқу нәтижелері, қысқаша сипаттамасы бар пәндер, оқыту нысаны, оқыту тілі, академиялық дәрежеге берілетін кредиттердің көлемі, жолдама лицензиясына қосымшаның болуы, ББ-ның аккредиттелуінің болуы (қолданыстағы ББ үшін-бар болған жағдайда), ЖЖОКБҰ алқалы органының отырысында бекітілген ББ-ның бекіту күні көрсетілген білім бағдарламасының төлқұжаты бар онлайн-өтінім ұсынады.

Сонымен қатар ББ сараптау өлшемшарттары білім бағыты бойынша қауымдастықтардың ББ рецензиялау; жұмыс берушілердің бағалауы;

ББ-ны шетелдік серіктес ЖЖОКБҰ-мен үйлестіру; стратегиялық серіктестермен келісу, оқытудың екі жақтылығы, тиісті комитеттердің ББ-ны міндетті ішкі сапа аудиті болып табылады.

Келесі кезекте, ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай бағытымыздағы БББ-ның рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету жағдайын талқылайық.

АК мүшесі Еркишева Ж.С. Математика және статистика Бағыты бойынша 6B05449 БББ ESUVO-ға салынды. Нәтижесін күтіп отырмыз.

АК төрағасы К.И.Усманов: Құрметті АК мүшелері бүгінгі мәжіліске белсене қатысқандарыңызға рахмет. Бағытымыз бойынша БББ тізілімдемесіне ұсынылған, реестрге тіркелген, ЕСУВО-ға жоғары пайызбен қабылданып, қолданысқа қамтамасыз етуге байланысты АК мүшелерінің қатысуымен жұмыстар атқарылды.

Шешім:


1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз етілгені назарға алынсын.
2. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



К.И.Усманов

Хатшысы:



Ж.С.Еркишева